


Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке
дейінгі деңгейлерінің
А, А3 және А4 бөлімдері



Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайте басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37a Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірге қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты әңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары
А БӨЛІМІ	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар– Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елші. іст. 2: 42 – Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар – Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

A3 1-ші әңгіме
Иса Петірді шақырды

	Біздің үйренетініміз: - Исаға Өзімен бірге қызмет ететін және болашақта Оның қызметін жалғастыратын көмекшілер қажет болды. - Киелі кітап Оның көмекшілері болу үшін мәсіхшілер Исаның соңынан еріп, Оған мойынсұнуы тиіс екенін үйретеді. Негізгі аят: Матай 4:19 Киелі кітаптан үзінді: Матай 4:18-20
ТАНЫСТЫРУ	- Балалармен достары туралы әңгімелесіңіз. Олар өздерінің достарымен алғаш рет қайда, қалай танысты? Неліктен досыңның болғаны жақсы деп ойлайсың? Достар қандай болуы керек? (Мысалы, мейірімді, әрдайым көмектесетін, сенімді, шындықты айтатын, т.б.) - Исаның да жақсы достары болды, біз бүгін олардың бірнешеуімен танысатын боламыз. - Айналасы таулы төбешіктермен қоршалған Ғалилея теңізінің көрінісі туралы баяндаңыз. Бұл жерден балықшылар балық аулайтын. Олар таң қараңғысынан тұрып, қайықтарына мініп, қолайсыз ауа райына да қарамастан, ауларын суға лақтырады, аулары жыртылса, оны қайтадан тоқып, қалпына келтіреді. Мұның барлығын олар өз қолдарымен жасайды, сол кезде оларға көмек беретін құрал-жабдықтар (машина) болған жоқ. Бұл соншама ауыр жұмыс болатын! Міне, осылайша балықшылар өмірінен осы көріністі балалар көз алдарына елестете алатындай әңгімелеп беріңіз.
ҮЙРЕТУ	- Иса Петір мен оның інісі Әндірді шақырды (Матай 4:18-19). Петір мен Жохан Исаны бұрын кездестірген болатын және олар Исаның қандай маңызды екенін білді. Қазір Иса олардан балық аулайтын жұмыстарын тастап, Өзінің соңынан еріп, қызметіне көмектескендерін қалады. - Исаның айтқан сөздерін қолданыңыз. Енді олардың жаңа жұмысы «адамдарды жинап әкелу», яғни, адамдарды Исаға алып келу екенін түсіндіріңіз. Исаның оларды шақырған қызметі қандай ерекше еді! - Петір мен Әндірдің жауабы. (Матай 4:20) Олар Исаның соңынан ерудің дұрыс екенін бірден түсінді. Олардың Исаның соңынан еруге бірден келісуі арқылы өздерінің дайын екендіктерін көрсетті. Балалардан бір нәрсе істеу қажеттігін сұраған кезде, олардың бірден мойынсұнған кездерінен мысал келтіруін сұраңыз. Петір мен Әндір сол кезде қандай сезімде болғанын зерттеңіздер. Олар қатты қуанды, өздерін ерекше сезінді, өйткені Иса оларды таңдап алды. Олар енді Исаның шәкірттері болғанын түсіндіріңіз. Мұның мағынасы олар Иса қайда барса, сонда баруға, Одан үйренуге және Оған мойынсұнуға дайын болды дегенді білдіреді. - Иса Жақып пен Жоханды шақырады. (Матай 4:21-22) Кейін сол күні Иса тағы екі балықшыны шақырды, олар да Исаның соңынан ерді. (2-деңгей). - Киелі кітапта Иса біздің әрқайсымыздың Оның соңынан ергенімізді қалайтыны айтылған. Егер біз Оның соңынан ерсек, Ол бізді де Өзінің қызметіне қолдана алады. Киелі кітаптағы әңгімедегі балықшылар сияқты мәсіхшілер де Оның айтқанына мойынсұнулары қажет. Оның айтқандарын қайдан біле аламыз? Олар Киелі кітапта жазылған. Киелі кітаптағы Исаның айтқан сөздерін қызыл қарындашпен сызып, балаларға көрсетуге болады. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса Петірді шақырды.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят Матай 4:19-ды үйретіңіз, балалардың «адамдарды жинап әкелетін етемін» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінетінін сұраңыз. Киелі кітаптағы бұл аятта Иса Петір мен Әндірге балық аулаудың орнына «адамдарды жинап әкелуші» болуларын айтты. Бұл басқа адамдардың Құдайға сеніп, мәсіхші болуларына көмектесу деген мағынаны білдіреді.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Иса барлығы қанша балықшыны шақырды? - Олар қайда жұмыс істеді?

- Өндірідің ағасы кім болатын?
- Иса олардың кім болатыны туралы уәде берді?
- Петір мен Өндірі Исаның соңынан ергенде, олар нені тастады?
- Петір мен Өндірі Исаның шәкірттері болғысы келгенін қалай көрсетті?
- Исаның соңынан ерген келесі екі ағайындыларды ата.
- Иса келгенде Жақып пен Жохан не істеп жатты?
- Олармен бірге қайықта кім болды?
- Исаның сөздерін біз қайдан оқимыз?

0-2 деңгей

А3 2-әңгіме Иса Петірге көмектесті

	Біздің үйренетініміз: • Исаның құдіреті Петірдің өмірінде терең әсерін қалдырды. • Киелі кітап бізге Иса Құдайдың Ұлы екенін және Ол біздің Петір сияқты соңынан ергенімізді қалайтынын айтады. Негізгі аят: Лұқа 5:10 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 5:1-11
ТАНЫСТЫРУ	• Балалардан нені жақсы істей алатындарын сұраңыз. Біздің әрқайсымыздың қабілетіміз бен дағдыларымыздың әр түрлі екенін ескертіңіз. • Петір жақсы балықшы болды. Ол - ұзақ уақыт бойы балықшы болған адам. Бірақ бүгінгі әңгімеде Петір жетістікке қол жеткізу үшін Исаның нұсқауын орындаудың қажет екенін түсінді. (Петір кей кездері «Шимон» немесе «Шимон Петір» деп аталатынын түсіндіріп кетіңіз.)
ҮЙРЕТУ	• Өткен сабақтағы көріністі балалардың есіне түсіріңіз. Бүгінгі әңгімеде Иса Петірдің қайығына отырып, халыққа Құдайдың Сөзінен тәлім берді (Лұқа 5:1-3). • Исаның Петірге берген бұйрығы. Иса Петірге: «Көлдің терең жеріне жүзіп барып, балыққа ау сал», - деді (Лұқа 5:4-5). Петір сол кезде қандай сезімде болғанын талқылаңыз. • Ауға түскен мол балық. (Лұқа 5:6-7) Өткен түндегі мен қазіргі ауланған көп балықтың айырмашылығын салыстырыңыз. Бұл керемет еді! Балықтарды да жаратқан Құдайдың Өзі Петірдің қайығында тұрған еді. Ол Өзінің құдіретімен Петірдің ауын балықтармен толтырғанын Киелі кітап бізге үйретеді. • Петірдің жауабы. (Лұқа 5:8-9) Петір таң-тамаша болды! Исаның Кім екені Петірге жаңаша ашылғанын түсіндіріңіз. Иса Петір сияқты жай ғана адам емес, Ол құдіретті Құдай еді. Исамен салыстырғанда Петір өзінің қаншалықты күнәкар екенін білді. • Петірдің жаңа жұмысы. (Лұқа 5:10) Иса Петірге «...бұдан былай адамдарды жинап әкелетін боласың», - деді. Алдыңғы аптадағы әңгімеден оқыған осы ойды балалардың түсінгенін тексеріңіз. Петір енді Исаның өзіне дайындаған әлдеқайда маңызды ісі бар екенін түсінді. Сондықтан ол бәрін тастап, Исаның соңынан ерді. (Лұқа 5:11) • Біздің де Өзінің құдіреті мен билігін білгенімізді Исаның қалайтынын Киелі кітап үйретеді. Мәсіхшілер Исаның соңынан еріп, Оған мойынсұнғанда, Исаның өздерімен бірге болатынына, өмірлеріне бағыт-бағдар беріп, жетелейтініне сенеді. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса Петірге көмектесті.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят Лұқа 5:10-ды үйретіп, түсіндіріңіз. Бұл аяттан біз қорқынышқа берілмеуді үйренеміз. Иса Петірдің күнделікті жұмысына немқұрайды қараған жоқ. Ол Петірдің балық аулауын тастап, адамдарды жинап әкелуге, яғни, оларға Құдай туралы тәлім беруге шақырды. Киелі кітап Исаның бізді Өзінің соңынан еруге шақыратынын айтады, бірақ бұл - біздің таңдауымыз. Ал Петір болса, Исаның соңынан еруді таңдады.

ЕСТЕ САҚТАУ	• Иса Петірдің қайығын не үшін қолданды? • Иса халыққа тәлім беріп болғаннан кейін, Петірдің не істеуін сұрады? • Петір соңғы рет қашан балық аулады? • Ауға түскен мол балықты көрген Петір қандай әрекет жасады? • Иса Құдайдың Ұлы болғандықтан, қандай ерекше нәрсені істей алады? • Петір Исаның аяғына неліктен жығылды? • Мөлшерден тыс көп балық ұстағандарына Петірден басқа тағы кімдер таңқалды? • Иса Петірдің бұдан былай немен айналысатынын айтты? • Әңгіменің соңында Петір мен оның достары не істеді? Көрсетіңіз: Балалардың әрқайсысы бір балықтың суретін салып, оны қиып алуын сұраңыз. Балалар әңгімені ұмытпас үшін «Иса Петірге мол балық аулаға көмектесті» деген тақырып қойып, барлық бала балықтарды жинап, бірге көрсетулеріне болады.
-------------	---

0-2 деңгей

А3 3-әңгіме Иса дауылды тоқтатты

	Біздің үйренетініміз: • Исаның дауылды тоқтата алуының себебі Ол Құдайдың Ұлы екені туралы Киелі кітапта айтылған. • Мәсіхшілер Киелі кітаптың Құдайдың Сөзі екеніне сенеді. Негізгі аят: Матай 8:27 Киелі кітаптан үзінді: Матай 8:23-27, Марқа 4:35-41
ТАНЫСТЫРУ	• Ауа райы туралы әңгімелесіңіз. Балалардан ауа райының аяқ асты өзгерген кезін көргенін және қатты жаңбырдың астында қалған уақыты туралы бөлісуін сұраңыз. • Ауа райының немесе қатты соққан дауылдың кемеге, қайықтың жүзуіне қалай әсер ететіні туралы әңгімелесіңіз. Бүгінгі әңгімеде Иса мен Оның шәкірттері Ғалилея теңізінде жүзіп бара жатты.
ҮЙРЕТУ	• Басында бәрі тып-тыныш болды. Енді жым-жырт көріністі сипаттаңыз. Иса қайықта ұйықтап жатыр. (Матай 8:23-24) • Дауыл. Кенеттен сұрапыл дауыл көтерілді, шәкірттер қатты қорықты. (Матай 8:24) Осы кезде көріністі нақтырақ сипаттаңыз. Қатты дауыл, толқындар қайықты ұрғылап, суға толтырды, шәкірттер қайықтағы суды төгіп жатыр. • Шәкірттердің қорқынышы. Шәкірттердің суға батып кетеміз деген қорқынышы жайында түсіндіріңіз. Олар жылдам Исаны оятып, Одан дауылдан құтқаруын сұрады. Олардың айтқан сөздерін қолданыңыз. (Матай 8:25) Шәкірттерінің Өзіне сенім арта алмағандары үшін Исаның көңілі жабырқады. Сену дегеніміз Исаға сенім артуды білдіретінін түсіндіріңіз. (Матай 8:26) • Исаның билігі. Содан кейін Иса дауылды тоқтатты (Матай 8:26 және Марқа 4:39). Дауылдың бірден және толық тоқтағаны туралы айтыңыз. • Шәкірттердің аң-таң болуы. (Матай 8:27) Шәкірттері Исаның жел мен толқындардың үстінен де билік жүргізе алатынын көргенде, Оның өздерінен ерекше екенін түсінгені жайында әңгімелеңіз. • Исаның дауылды неліктен тоқтата алғанын балалар түсінуі қажет. Киелі кітап Исаның бізге барлығының үстінен, тіпті, ауа райына да билік жүргізе алатынын үйретеді. Балаларға мәсіхшілердің Исаға сенім артып, Оның барлығын Өз қолында ұстап тұрғанын түсінуі үшін өмірде болатын қиын жағдайлар туралы ойлануына жігер беріңіз. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса дауылды тоқтатуы.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят Матай 8:27-ні үйретіп, түсіндіріңіз. Киелі кітапта Исаның табиғат күштерін: желді, жаңбырды әрі теңізді бақылай алатыны айтылған. Исаның дауылды тоқтатуға билігі болды. Сондай-ақ, қиыншылық кезінде мәсіхшілер Исадан көмек сұраса, оларға көмектесуге де Оның құдіреті жетеді.
ЕСТЕ САҚТАУ	• Бұл оқиға қай жерде болды?

- Қайыққа бірінші кім отырды?
- Дауыл басталғанда, Иса қайда болды?
- Шәкірттері Исаны неліктен оятты?
- Неліктен Иса жабырқады?
- Иса қандай екі нәрсені тоқтатты?
- Негізгі аят қай жерде жазылған?
- Шәкірттерінің ешқайсысы дауылға қарсы тұра алмады, бірақ Иса оны неліктен тоқтата алды?
- Бүгінгі күні мәсіхшілер қиындық келгенде, Кімге арқа сүйей алады?

Қойылым: Бұл әңгіме мынадай қойылымға жақсы сәйкес келеді: 12 шәкірт қайыққа ұқсас нәрседі бірге отырады; басқалары дауылдың шуылын келтіреді. Ересек жетекші әңгімені дауыстап оқығанда, балалар соған сай әрекет етіп, әңгімедегі айтылған сөздерді өздері дауыстап айтады.

0-2 деңгей

А3 4-әңгіме Иса Петірді құтқарды

	Біздің үйренетініміз: • Петір Исаны көмекке шақырғанда, Ол оны құтқарды. • Киелі кітап бізге адамзаттың құтқарылуы үшін Исаға сенім артулары тиіс деп үйретеді. Киелі кітап бүкіл адамзаттың құтқарылуы үшін Исаға сенім артуы қажет екенін бізге үйретеді. Негізгі аят: Матай 14:33 Киелі кітаптан үзінді: Матай 14:22-33
ТАНЫСТЫРУ	• Кіммен көбірек уақыт өткізетін болсақ, сол адамды жақынырақ білетінімізді балаларға түсіндіріңіз. Петірдің Иса туралы нені білгенін балалардың есіне түсіруге көмектесіңіз. • Балалардың ойларын тақтаға жазыңыз. Мысалы, Киелі кітапта Исаның Құдайдың Ұлы, Ол кереметтер жасай алатыны, Оның дауылдың үстінен де билігі бар екені туралы айтылған. • Бүгінгі әңгімеде Петір Исаны жақынырақ танып-білді.
ҮЙРЕТУ	• Шәкірттері қайыққа мініп кеткен кезде, Иса оңашада сиыну үшін қалды. (Матай 14:22-23) Исаның өміріндегі сиынудың маңыздылығын түсіндіріңіз. Ол Өзінің Әкесі Құдаймен сөйлесті. • Дауыл. (Матай 14:24) Алдыңғы аптада өткен әңгімедегі дауылды балалардың есіне түсіріп, осы әңгімедегі дауылды сипаттаңыз. Иса шәкірттерінің қиындыққа ұшырағанын көріп, оларға түн ортасында көл бетімен жақындап келді. (Матай 14:25-27) Шәкірттері Оны көргенде не ойлап, қандай сезімде болғандарын сипаттап беріңіз. Исаның жігер беретін сөздерін қайталаңыз. • Петірдің өтініші. Петір Оның шынымен Иса екеніне көз жеткізгісі келді. Сондықтан ол Исадан су бетімен қасына баруына бұйыруын өтінді. Иса: «Кел!»- деді. Сөйтіп Петір қайықтан түсіп, Исаға қарай беттеді. (Матай 14:28-29) Петір Исадан көзін алмай, толқындарға қарамаса, барлығы жақсы болар еді. Бірақ, назарын толқынға аударғанда, ол суға бата бастады. • Иса Петірді құтқарды. Петірдің Исадан өзін құтқаруын бірден өтінгенін Петірдің өз сөзімен жеткізіңіз. (Матай 14:30-32) Содан кейін олар екеуі де қайыққа мінгенде дауыл басылды. Шәкірттердің болған жағдайға деген көзқарасын сипаттаңыз. (Матай 14:35) • Петір қалай да суға батпай, аман қалуын қалады. Мәсіхшілер өз өмірлеріндегі күнәдан құтқарылудың қажет екенін біледі. Ал мұны тек Иса ғана істей алады. Киелі кітап бізге Иса айқышта құрбан болған кезде, біздің күнәміздің жазасын Өз мойнымен көтергенін айтады. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса Петірді құтқарды.

ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Матай 14:33 Құдайға табынудың мағынасын түсіндіріңіз. Шәкірттері Исаны жақыннан білгендеріне таң-тамаша болып, үлкен қуанышқа кенелді. Исаны сүйетін адамдар үшін, бұл - шын жүректен жеткізе алатын тағзым.
ЕСТЕ САҚТАУ	Бұл сауалнама А3 бөлімінің барлық әңгімелеріне негізделеді. Қағазға әр түрлі балықтардың суретін салуға болады. Сұраққа жауап берген бала бір балықты аулап, ұстай алады. Әр балыққа ұпай саны жазылады. Балаларды екі топқа бөліп, соңында әр команда жинаған ұпай сандарын қосып, қорытынды жасауға болады. • Осы оқиғалардың бәрі қай жерде болды? • Аятты аяқта: “Соңымнан еріңдер! Мен сендерді

0-2 деңгей

А4 1-әңгіме **Петір ұйықтап қалды**

	Біздің үйренетініміз: • Иса сиынуды (Өкесімен сөйлесуді) бірінші орынға қойды. • Киелі кітап мәсіхшілер үшін сиынудың маңызды екенін айтады. Негізгі аят: Жохан 15:14 Киелі кітаптан үзінді: Матай 26:36-46
ТАНЫСТЫРУ	• Балалар үшін не істеу қиын екенін сұрап, талқылаңыз. Мысалы, ұзақ жарыстың ең соңғы бөлігін жүгіріп өту, ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге көңіл бөлу және оны тыңдап отыру немесе тойдың ұзаққа созылып кетуі, ұйықтамай сергек болу, т.б. • Бүгінгі әңгімеде Исаның досы Петірдің Өзіне қолдау көрсетуі ерекше қажет болды. Исаның сұрағанын Петір орындай алды ма? Соны бірге қарастырып көрейік.

ҮЙРЕТУ	- Осы оқиғаның алдында не болғанын түсіндіріңіз. Иса Өзінің айқышқа шегеленіп өлетін уақыты жақындағанын білді. Ол Өзінің шәкірттерімен бірге соңғы асын ішіп болған еді. Иса Әкесіне жиі сиынатын және Ол алда күтіп тұрған жағдай үшін де сиынудың маңызды екенін білді. Ол Өзі жиі келіп сиынатын баққа шәкірттерін ертіп келді. Ол Өзіне жақын үш досы Петір, Жақып пен Жоханның бүгін түнде сергек болып, Өзімен бірге сиынуларын қалады. - Иса Петірге, Жақып пен Жоханға сергек болып, сиынуларын өтінді. (Матай 26:36-37). Содан кейін Иса сол жерден әрірек барып, Әкесіне сиынды. Исаның не сезінгенін түсіндіріңіз. Оның мінәжатының қандай жағдай болмасын, тек Әкесіне ұнамды болғанын қалайтынын көрсетеді. (Матай 26:38-39). Иса бір сағаттан кейін қайтып келгенде, Петір мен басқалардың ұйықтап жатқанын көрді. Оның көңілінің қалай жабырқағаны туралы сөйлесіңіз. (Матай 26:40-41) - Иса екінші рет мінәжат етіп қайтып келгенде, достарының тағы да ұйықтап жатқанын көрді. (Матай 26:42-43) - Иса үшінші рет мінәжат етіп келген кезде де, олар ұйықтап жатқан еді. Петірдің және басқа шәкірттерінің Исаның жүрегін қалай ауыртқаны туралы талқылаңыз. Осындай қиын кезде олар сиынулары қажет еді, бірақ олар сергек болып, мінәжат етпеді. (Матай 26:44-45) - Сол сәтте Исаның қарсыластары Оны ұстап алуға келді. (Матай 26:45-46) - Киелі кітап мәсіхшілердің азғырылуға берілмей, Құдайдан күш алуы үшін мінәжат етулерінің өте маңызды екенін айтады. - Петір мен басқа шәкірттері Исаның: «Сергек болып, мінәжат етіңдер!»- деген бұйрығын орындай алмады, ал Киелі кітап бізге мәсіхшілердің Исаның айтқандарына бағынуды қалайтынын айтады. - Иса мінәжат етті және біз үшін өмірін қиып, құрбан болуға көктен күш алғанын Киелі кітап айтады. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петір ұйықтап қалды.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Жохан 15:14 Киелі кітаптағы осы аятта Исаның мәсіхшілерді Өзінің қызметкерлері емес, қайта, достарым деп атайтыны жазылған. Кей кездері осы әлем мәсіхшілерді ұнатпайды, бірақ Киелі кітап Исаның бізді сүйетінін, қолдайтынын және біздің досымыз екенін жеткізеді.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Иса қай жерде сиынып мінәжат етті? - Иса Өзімен бірге қай шәкірттерінің мінәжат еткенін қалады? - Иса не туралы мінәжат етті? - Иса мінәжат еткенде, қандай сезімде болды? - Иса бірінші рет мінәжат еткенде, қанша уақыт сиынды? - Шәкірттері неліктен мінәжат ете алмады? - Иса олардың сиынып мінәжат етуін неше рет сұрады? - Иса мінәжат етіп болғаннан кейін не болды? - Негізгі аят қай жерде жазылған? - Егер біз Исаға мойынсұнсақ, Ол бізді кім деп атайды?

0-2 деңгей

A4 2-әңгіме Петірдің жанжалдасуы

	Біздің үйренетініміз: - Киелі кітапта Өзінің ұсталып, біз үшін өлімге кесілуіне Исаның Өзі жол бергені айтылған. - Мәсіхшілер басына түскен қиыншылықтар кезінде ашу-ызаға берілмеуге Құдайдың көмектесетініне сенім арта алады. Негізгі аят: Ефестіктерге 4:26 Киелі кітаптан үзінді: Матай 26:47-56
ТАНЫСТЫРУ	Өткен сабақтың әңгімесіндегі бақта болған жағдайды қайталаңыз. Петір мен оның достары Иса өздерінен сұрағандай мінәжат етіп сиынбады. Содан кейін олар одан да қиын жағдайға тап болды. Олар енді не істемек?

ҮЙРЕТУ	- Осы оқиғаның көрінісін сипаттаңыз. Жым-жырт түн. Қараңғы. Кенеттен қаруланған жасақшылардың келе жатқан ауыр қадамдары естілді. Петір мен оның достары сол кезде қандай сезімде болды? - Бір кезде Яһуда тобырдың арасынан шығып, Исаның қасына келіп, Оның бетінен сүйді. Яһуданың кім екенін және Исаның бетін сүю арқылы ол жасақшыларға қайсысы Иса екенін білдіргенін балаларға жеткізіңіз. «Сатқындық» дегеннің мағынасын түсіндіріңіз. Сенімнен бет бұру, опасыздық жасау, үмітті ақтамау немесе біреу туралы теріс мәлімет жеткізу. (Матай 26:47-50) - Петір Исаның ұсталғанын түсінгенде, қатты ашуланып, Исаны қорғау үшін жиналған тобырдың арасындағы бір адамға шабуыл жасады. (Матай 26:51) Біз де Петір сияқты кейде тез ашуға беріліп, өзімізді ұстай алмай қаламыз. Иса Петірге бірден семсерін қынабына салуын бұйырды. Иса Петірдің Өзін қорғауына мұқтаж болмағанын түсіндіріңіз. Иса болып жатқан жағдайдың барлығы Құдайдың жоспарына сай екенін білді және қарсыластарының Өзін тұтқындап, өлімге кесуіне жол берді. Сол кездегі Иса мен Петірдің болған жағдайға көзқарасының қарама-қайшылығын салыстырыңыз. Иса Өкесіне сиынып, сабырлы болды. Ал Петір мінажат етпеді, ол Иса қалағандай әрекет жасамай, ашуға берілді. (Матай 26:52-56) - Үрейлері ұшқан шәкірттері Исаны тастап, қашып кетті. Олардың неліктен солай істегендерін талқылаңыз (Матай 26:56). Петір ғана Исаның соңынан ілесіп отырды, бірақ өзін де тұтқындамаулары үшін алыстан бақылап жүрді. Петір өзін біреулер көріп қоймасын деген оймен қалай жасырынып жүргенін балалармен бірге елестетіп көріңіз. (Матай 26:58) - Мәсіхшілер Құдайға сиынып, ашуға берілмей, керісінше, ұстамды болуға Құдайдан көмек сұрай алатындарын түсіндіріңіз. Мәсіхшілердің өміріндегі Киелі Рух дұрыс әрекеттер істеуге күш бере алады. - Егер біз қандай да қиын жағдайда ашуға берілмей, маңайымыздағылармен жанжалдаспай, дұрыс әрекет жасағанда, сол жағдайдың нәтижесі қандай болатыны жөнінде сөйлесіңіз. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петірдің жанжалдасуы.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Ефес. 4:26. Киелі кітап бізге ашуланбауды емес, қайта ашумен әрекет етпеудің маңыздылығын үйрететінін түсіндіріңіз. Ашу-ыза басқаларды жаралайды, достықты бұзады және біздің өмірімізге қайғы-қасірет әкеледі. Бізді жаралаған адаммен сөйлесіп, сол мәселені шешуге тырысу қажет. Мәсіхшілер Құдайға сиынып, Оған өздерінің сезімдері жөнінде айта алады.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Исаның қарсыластарымен бірге баққа кім келді? - Яһуда адамдардың қайсысы Иса екенін қалай көрсетті? - Жасақшылар Исаны ұстап алғанда, Петір қолына не алды? - Петір адам денесінің қай мүшесін семсермен шауып түсірді? - Иса Петірдің не істеуін бұйырды? - Мәсіхші ашу-ызаны қалай жеңе алады? - Иса тұтқындалғанда, шәкірттері қайтті? - Исаның артынан алыстан кім ілесіп отырды? Көрініс: Балалар ашу-ыза тудыратын бір немесе бірнеше ситуациялық жағдайдан көрініс көрсете алады. Содан кейін бәрі бірге осы жағдайды қалай шешу керектігін талқылайды.

0-2 деңгей

A4 3-әңгіме **Петір Иса туралы өтірік айтты**

	Біздің үйренетініміз: - Кейде біздің батылдығымыз жетпегендіктен, достарымызды ұятқа қалдырамыз. - Біз Исаны ренжіткенде, Ол әрдайым кешіруге дайын екенін Киелі кітап үйретеді. Негізгі аят: Забур 51:7 Киелі кітаптан үзінді: Матай 26:69-75
ТАНЫСТЫРУ	Адамдарды дауыстарынан қалай тануға болатыны туралы сөйлесіңіз. Егер балалардың телефоны болса, олар телефон соққан адамның кім екенін айтпаса да біледі. Акцент адам дауыстарын әр түрлі ететіні туралы сөйлесіңіз. Мысал ретінде

	әр түрлі елдердің сөздерін қолдануға болады. Алдыңғы аптаның сабағымен байланыс жасаңыз. Исаның ұсталғаны және шәкірттерінің қашып кеткені жайында балалардың есіне салыңыз. Алайда Петір бұдан әрі Исаға не болатынын білгісі келді.
ҮЙРЕТУ	- Петір бас діни қызметкердің үйінің ішкі ауласына дейін барды. (Матай 26:69) Ал ішкі аула үйдің сыртында болғанын түсіндіріңіз. Салқын түн, аулада от жанып тұр, сақшылар жүр, мүмкін, қызметкерлер де бар. Осы көріністі сөзбен баяндаңыз. - Бір қызметші қыз Петірді танып, басқаларға оның да Исамен бірге жүргенін айтты. Петір қыздың не айтып тұрғанын білмейтінін айтты. (Матай 26:69-70) Балаларға Петірдің өтірік айтқанын түсіндіріңіз. Әрине, ол Исамен бірге болды ғой! Петірдің неліктен шындықты айтпағанын талқылаңыз. - Петір ішкі ауладан шығып, қақпа жағына жылжи бергенде, оны тағы бір қызметші қыз көріп қалады. Петір қайтадан Исаны танымайтынын айтты. (Матай 26:71-72) 2-деңгей: «Мойындамау» деген сөздің мағынасын түсіндіріңіз. Петір Исаны таниатынын және Онымен дос болғанын мойындамады немесе Одан бас тартты. - Сәл кейінірек басқа біреу Петірдің Исаның соңынан ерушілер сияқты сөйлейтінін айтты. Петір де Исаның соңынан ерген басқалары сияқты Ғалилеядан шыққан болатын. Мұны «ТАНЫСТЫРУ» бөлімінде айтылғандармен байланыстырыңыз. Петірдің мазасызданғанын әрі қорыққанын және Исадан үш рет таңғанын сипаттаңыз. - Әтеш шақырды. Исаның бұған дейін айтқан сөздері Петірдің есіне түсті. (Матай 26:34) Неліктен Петірдің көңіл-күйі түскенін түсіндіріңіз. (Матай 26:74-75) - Петірдің қателік жібергенін бөлісіңіз. Оның Исаның соңынан еруші екенін мойындауға батылы жетпей, өтірік айтты. Біздің бәріміз қателік жібереміз. - Өз сөзімізбен, іс-әрекетімізбен Исаны ренжітетін кездеріміз болады. Киелі кітап бізге дұрыс емес істерімізді Исаның кешіруге дайын екенін айтады. Ол біздің күнәларымыз үшін айқышта құрбан болғандықтан, осылай істей алады. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петір Иса туралы өтірік айтты.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Забур 51:7 Мінәжат дегеніміз Құдаймен сөйлесу екенін түсіндіріңіз. Мінәжат еткенде, адамдар Құдаймен сөйлеседі. Егер мәсіхшілер Исадан жасаған күнәлары үшін кешірім сұрайтын болса, Иса оларды жуып, тазалап, қардан да аппақ ететінін осы негізгі аят түсіндіреді. Құдай мәсіхшінің қандай күнәсі болса да кешіре алады.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Петір қай жерге дейін барды? - Петірге бірінші сөйлеген адам кім болды? - Петір Исаны танымайтынын қанша рет айтты? - Петір неліктен өтірік айтты? - Петір әтештің шақырғанын қанша рет естіді? - Әтеш шақырғанда, Петірдің есіне не түсті? - Петір неліктен жылады? - Мәсіхшілер Исаны ренжіткенде, не істеу керек?

0-2 деңгей

A4 4-әңгіме **Петір Исамен сөйлесті**

	Біздің үйренетініміз: - Петір Исадан таңғаннан кейін, Исаға сүйіспеншілігін көрсетуге тағы бір мүмкіндік берілді. - Киелі кітапта біздің Исаны сүйгенімізді Оның қалайтыны айтылған. Негізгі аят: 1 Жохан 4:19 Киелі кітаптан үзінді: Жохан 21:1-19
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан алғаш рет Петір туралы естіген әңгімені еске түсірулерін сұраңыз. Иса Петірді алғаш шақырған кезде ол қандай жұмыс істеп жүрді?

	• Содан бері көп оқиғалар болғанын түсіндіріңіз. Петір Исаның ерекше достарының бірі болды, бірақ Петір кейін Исаның үмітін ақтамады (соңғы үш әңгімені еске түсіріңіз). • Көп ұзамай, Иса айқыш ағашта өліп, үш күннен кейін қайта тірілді. Иса шәкірттерімен екі түрлі жағдайда кездесіп, оларға Өзінің тірі екенін көрсетті. Бұл оқиғадан кейін бір күн өткенде, Петір қайтадан балық аулауға шығады.
ҮЙРЕТУ	• Шәкірттері түнімен балық аулап, түк те ұстай алмады. (Жохан 21:3) Олардың қандай күйде болғанын талқылаңыз. Олар қатты шаршаған, қарындары аш, көңілдері жабырқау. • Көріністі бейнелеңіз. Таң атуға жуық уақыт. Жағада Біреу тұр. Бейтаныс Адам мен шәкірттердің арасындағы диалогты қайталаңыз. (Жохан 21:4-6) • Олар Бейтаныс Адамның айтқанын орындағанда, өте көп балық ұстады. (153 балық) Кенет Жохан сол адамның Иса екенін түсінді. Петірдің қуанғаны сонша, ол суға секіріп, Онымен кездесуге жүзіп кетті. (Жохан 21:7-8) • Иса оларға таңғы ас әзірледі. (Жохан 21:9-14) Жағада таңғы ас ішудің қандай екенін көз алдыңызға елестетіп көріңіз және Исаның олармен бірге болғаны қандай ерекше әрі күтпеген жағдай екенін жеткізіңіз. • Таңғы астан кейін Иса Петірмен сөйлесті. Ол Петірден: «Сен Мені сүйесің бе?» - деп үш рет сұрады. (Жохан 21:15-19) Петір үшін мұның қаншалықты маңызды болғанын түсіндіріңіз. Осылай Иса Петірді кешіргенін және оған арналған бір ерекше жұмыстың бар екенін білдірді. 2-деңгейдің балаларына Петірдің Исадан үш рет бас тартып, танып кеткенінің орнына енді ол үш рет өзінің Исаға деген сүйіспеншілігін көрсеткенін айта кетуге болады. Егер жақын деген досы адамдар алдында өзін танымайтынын айтып, одан бас тартса, балалар қандай сезімде болатынын сұраңыз. Исаның Петірді кешіргені сияқты олар да достарын солай кешіре алар ма еді? • Киелі кітапта Құдай бізді сүйгендіктен және сол сүйіспеншілігінің дәлелі ретінде Өзінің Ұлын құтқаруға жібергені жазылған. Бұған мәсіхшілер Исаға деген өздерінің сүйіспеншіліктерімен жауап берулері қажет. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петір Исамен сөйлесті. Петір кешірілді.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят 1 Жохан 4:19-ды керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Киелі кітапта Құдайдың сүйіспеншілігі бүкіл адамзаттың сүйіспеншілігінің қайнар көзі екені айтылған. Мәсіхшілерге жай күндері «Құдайды сүйемін» деп айту оңай, алайда олардың нағыз сүйіспеншілігі басқаларға, жанұясына, достарына, бейтаныс адамдарға, тіпті, жауларына деген қарым-қатынасы арқылы сыналады. Құдайдың жанұясының мүшесі болу деген Ол бізді қалай сүйсе, біз де басқаларды солай сүюіміз қажет екенін білдіреді.
ЕСТЕ САҚТАУ	• Петір мен оның достары қанша уақыт балық аулады? • Оларға ауларын қай жаққа қарай салу бұйырылды? • Олар қанша балық ұстады? • Бейтаныс адамның Иса екенін кім бірінші түсінді? • Исаға кім бірінші болып тез жеткісі келді? • Петір суға секірмей тұрып, не істеді? • Таңғы асты Кім әзірледі? • Олар таңғы асқа не жеді? • Иса Петірден үш рет не деп сұрады? • Негізгі аят қайда жазылған? Көрініс: Бұл әңгіменің кейбір жерлерін қимылмен (мысалы, балық аулау, жағада тұрған бейтаныс Біреуді байқау, суға секіру, балыққа толы ауды тарту, балықты санау) және мимикамен (мысалы, көңіл-күйдің түсуі, таңқалу, қуану, т.б) көрсетуге болады. Балаларға Киелі кітаптан әңгімені оқып, тиісті жерінде қарапайым қимылмен көрсетулерін сұраңыз.

3-4 деңгей	А3. 3-деңгей 1-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Иса Петірді шақырды	А3. 4-деңгей 1-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Петірдің шақырылуы
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай 4:17-22 Негізгі аят: Матай 4:19 Біздің үйренетініміз: - Киелі кітапта Иса адамдарды Өзінің соңынан еруге шақыратыны айтылған. - Мәсіхшілер Исаның соңынан еруді тәубе ету (күнөдан бет бұру) және Оған сенім артуды білдіретініне сенеді.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай 4:17-22; Жохан 1:35-42 Негізгі аят: Матай 4:19 Біздің үйренетініміз : - Өндір мен Жохан Исамен ең бірінші болып кездесті және кейін Оның шәкірттері болды. - Киелі кітапта олар Исаның Мәсіх және Құтқарушы екенін түсінгендері жайында айтылған.
ТАНЫСТЫРУ	Көптеген спорт ойындарында немесе жобаларда топтағы адамдар бірге жұмыс істеу қажет екені туралы сөйлесіңіз. Иса Өз қызметін енді бастаған болатын және Ол көкке кеткенде, сол қызметті жалғастыратын адамдар керек болды.	Көптеген адамдардың футбол командасының немесе әншілердің жанкүйерлеріне, тіпті, избасарларына қалай айналатыны туралы әңгімелесіңіз. Исаның Өзінің, Оның мінезінің, сөздерінің адамдарды Өзіне баурап алғанын түсіндіріңіз. Сондай-ақ, Исаның нақты бір адамдарды Өзінің шәкірті болуға шақырғанын да айтыңыз. Олардың көбі сауатсыз, кедей, қарапайым адамдар болатын. Олар бай не атақты адамдар емес еді.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Исаның уағыздаған хабары (Матай 4:17). - Иса Петір мен Өндірдің көлге ау салып жатқанын көрді. - Иса жұмыс істеп жатқан балықшыларды топ болып жұмыс істеуге шақырды. Иса олардың Өзінің қызметін орындауға үйрене алатындарын және адамдарды жинап әкелетін адамдар болатынын білді. - Олар Исаның соңынан еруге деген шақыруына бірден мойынсұнды. - Сондай-ақ, Иса Жақып пен Жоханды да шақырды. Олар да Исаға бірден мойынсұнды. Бұлар алғашқы шәкірттер болды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса Петірді шақырды.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Жақия шомылдырушы Исаның Құдайдың Тоқтысы екенін айтты. Өндір мен оның достары Исаның Мәсіх екенін түсінді. (Жохан 1:35, 41) - Өндірдің Петірді Исаға таныстыруының маңызы. - Кейінірек Иса оларды шақырғанда, олардың бірден мойынсұнғандары таңқаларлық нәрсе емес. - Өндірдің жеке куәлігінің мысалы. - Исамен жеке кездесудің және басқаларға куәлік етудің маңыздылығы. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петірдің шақырылуы.
ҚАЙТАЛУ	Балаларға арналған сұрақ: - Иса осы ер адамдарды неліктен шақырды? - Бүгінгі күні Құдайдың шақыруына мойынсұну деген нені білдіреді? - Қазіргі кезде Құдайдың шақыруына мойынсұнуға кедергі жасайтын нәрселер туралы талқылау. - Иса оларға нені уәде етті? (4:19 қараңыз)	Балаларға арналған сұрақ: - Құдайдың өздеріне арналған жоспары бар екенін мәсіхшілер қайдан біледі? - Алғашқы шәкірттеріне арналған Исаның жоспары қандай еді? - Шәкірттері Исаның өздеріне арналған жоспарын толық түсінді деп ойласың ба? - Құдайдың өздеріне арналған жоспарын мәсіхшілер қайдан біле алады және оған қалай жауап берулері қажет?

ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Жұмыстарын тастап, елшілік қызметке тағайындалған адамдар бүгінгі күнде қандай қиындықтарға тап болатыны туралы талқылаңыз. Мысалы, шет елде өмір сүріп, сонда жұмыс істеу, мәсіхшілік қызмет атқару, жақсы еңбекақы төленетін жұмыстан шығып, аз ақша төленетін қызметке орналасу, т.б. 2. Бүгінгі таңдағы атақты мәсіхшілердің шақыруы жөнінде зерттеу жасаңыз. Мысалы: Дэвид Ливингстон.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Бүгінгі күні мәсіхшілер қалай Құдайдың куәгерлері бола алатынын талқылаңыз. Бұл қиын деп ойлайсыз ба? 2. Исаның кейбір есімдерінің тізімін жасап талқылаңыз: Құдайдың Ұлы, Өлемнің Нұры, Мәсіх, Жаратқан Ие, Құтқарушы, Тәңір, Құдайдың Тоқтысы, Дәуіттің Ұрпағы, Яһудилердің Патшасы, құдіреті шексіз Тәңір, Кеңесші, Іргетас, Бар Болушы, Тыныштықты сыйлайтын Өмірші, Құн Төлеуші, Жартас, Эммануил, Патшалардың Патшасы, Ұлы, Киелі, Алғашқы және Соңғы, Өмір Наны, тағы басқалары.
----------------	--	--

3-4 ДЕҢГЕЙ	A3- 3-ДЕҢГЕЙ 2-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Ауға түскен мол балық	A3. 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Петірдің басына түскен қиындықтар
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Лұқа 5:1-11 Негізгі аят: Рим 3:23 Біздің үйренетініміз : 1. Шәкірттері Исаға мойынсұнуды үйренді. 2. Киелі кітап бізге Исаның ұлы әрі құдіретті екенін және кереметтер жасай алатынын үйретеді.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай: 14: 22-33 Негізгі аят: Матай 14:33 Біздің үйренетініміз : 1. Иса Құдайдың Ұлы екенін және оларды қорқыныштан босата алатынын шәкірттері түсінді. 2. Мәсіхшілер Исаға сенім артқанда, Ол өмірдің қиындықтарына төтеп беруге көмектесетініне сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	Мектепте жүргізілетін тест жұмысы немесе емтихан туралы және оқушылардың өткен сабақтардан үйренгендерін қалай тексеретінін сұраңыз. Ал бүгінгі әңгімеде Иса шәкірттерінің сенімі мен мойынсұнушылығын сынады.	Біздің өміріміз туылғаннан бастап өлгенге дейін жалғасатын саяхатқа ұқсас екенін түсіндіріңіз. Өмірде жақсылыққа толы тыныш кезеңдер де, дауыл іспетті қиын уақыттар да болады.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Иса Петірдің қайығында тұрып, халыққа тәлім берді. 2. Тәлім беріп болғаннан кейін, Иса олардан балық аулауға баруын сұрады. Олар түні бойы балық аулаған әрі шаршаған, қарындары да аш және өштеңе ұстай алмаған еді. 3. Петір Исаның айтқанын тыңдап, өте көп балық ұстады. 4. Петір Исаның ұлы екенін, ал өзінің қаншалықты елеусіз әрі күнәкар екенін түсінді. (8-аят) Ол бүкіл әлемді Жаратушының алдында тұр еді! Петір Исаның ауруларды сауықтырып, көптеген кереметтер жасағанын білді және Осы Исаның өзіне көңіл бөліп, елеп-ескергеніне, оның күнделікті қажетін ойлағанына таңданды. 5. Шәкірттер бәрін тастап, Исаның соңынан ерді. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Ауға түскен мол балық.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Иса өте үлкен керемет жасағаннан кейін, шәкірттерін көлдің арғы бетіне жіберді. 2. Ол сиыну үшін төбенің басына шықты. 3. Шәкірттері көл бетінде дауылмен бетпе-бет кездесті. 4. Иса олардың жағдайын біліп, судың бетімен жақындап келді. 5. Петір Оған судың үстімен жүріп баруды сұрайды. 6. Ол суға бата бастады, Исаны көмекке шақырды және Иса оны құтқарды. 7. Исаға сенім артудың маңыздылығын түсіндіріңіз. 8. Киелі кітап бізге Исаға сенім артсақ, өмірімізге дауыл сияқты қиындықтар келгенде, Исаның бізге көмек бере алатынын айтады. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петірдің басына түскен қиындықтар.

ҚАЙТАЛАУ	Балаларға арналған сұрақтар: 5-аяттағы Шимон Петірдің жауабы нені білдіреді? - Петірдің өз күнәсін мойындауынан мәсіхшілер нені үйрене алады? - Тәубеге келудің не екенін талқылаңыз (кешірім сұрау және күнәдан бет бұру). Оның құны қандай? (дұрыс емес екенінді мойындау, ыңғайсыз сезіну, істеген күнәң үшін өкіну, беделіңнен айырылу, кешірім сұрағаныңмен келіспейтін достарыңнан айырылу, т.б.)	Балаларға арналған сұрақтар: 27-аяттағы Исаның сөздері бүгінгі мәсіхшілерге қандай жігер бере алады? - Осы үзіндідегі Петірдің үлгісінен мәсіхшілер нені үйрене алады? - Өмірлеріне қиыншылық келгенде мәсіхшілер қандай маңызды сабақ үйрене алады?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. - Бүгінгі таңда мәсіхшілер Исаға мойынсұну үшін, Исаның соңынан еру үшін не істеулері қажет? (Мінажат ету, Киелі кітап оқу, қауымға бару, мектеп ережелерін бұзбауға тырысу, ата-анасының тілін алу, т.б.) - Балалар өздері танитын бір мәсіхшіден Құдайдың кешіріміне ие болғанын нақты түсінген кездері туралы сұрасын.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. - Өмірде болуы мүмкін үлкен дауыл туралы талқылаңыз және сондай жағдайда Иса мәсіхшілерге қалай көмектесетіні жөнінде әңгімелесіңіз. Ишая 43:2-аятты оқыңыз. Осы аяттың бүгінгі әңгімемен қандай байланысы бар екенін ойлаңыз.

3-4 ДЕҢГЕЙ

	А3 3-ДЕҢГЕЙ 3-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Иса Петірді құтқарды	А3. 4-ДЕҢГЕЙ 3-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Петір Исаның Құдайдың Ұлы екенін мойындады
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай 14:22-33 Негізгі аят: Матай 14: 33 Біздің үйренетініміз: - Киелі кітап бізге Исаны Құдайдың Ұлы деп үйретеді. - Мәсіхшілер Исаға сенім арту өмірде кездесетін дауылдар мен қорқынышты жеңуге көмектесетініне сенеді.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай 16:13-28 Негізгі аят: Римдіктерге 10:9 Біздің үйренетініміз : - Киелі кітап бізге Исаның Құтқарушы Мәсіх екенін айтады. - Мәсіхшілер Исаның Петірге берген жауабының қауымның негізін бекіткенін білдіреді деп сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	Өмір саяхатқа ұқсас екені жайында сөйлесіңіз. Сол саяхат біз туылған күннен басталып, біз өлген күні аяқталатынын түсіндіріңіз.	Өркімнің ойында мынадай сұрақ болады: «Иса шынында Кім?». Сол туралы сөйлесіңіз. Исаның заманындағы адамдардың Оның Кім екенін түсіндіруде әр түрлі жауаптар бергенін ескеріңіз. Кейін Иса шәкірттерінен Өзі туралы не ойлайтындарын сұрады.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Иса өте үлкен керемет жасап, кейін шәкірттерін Ғалилея көлінің арғы бетіне жіберді. - Ол сиыну үшін төбенің басына шықты. - Шәкірттері дауылмен бетпе-бет кездесті. - Иса олардың жағдайын біліп, судың бетімен жақындап келді. - Петір Оған судың үстімен жүріп баруын сұрайды. - Ол суға бата бастады, Исаны көмекке шақырды және Иса оны құтқарды. - Киелі кітап мәсіхшілердің өміріне дауыл келгенде Исаға сенім артса, Ол көмек бере алатынын айтады. - Қиындыққа тап болғанда, Исаға сенім артудың маңыздылығы туралы ойланыңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса Петірді құтқарды. .	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Иса Өзі барған жердің солтүстік нүктесінде тұрған еді. (Оқу кезінде картаны қараңыз.) - Иса: «Жұрт көктен келген Билеушіні Кім деп жүр?» - деп сұрады. Төрт жауапты ескеріңіз. - Содан соң Ол: «Ап сендер Мені кім дейсіңдер?» - деп сұрады. Петірдің берген жауабын қараңыз. - Содан кейін Иса Өзінің Тірі Құдайдың Ұлы екеніне сенетіндер қауым құратынын түсіндірді. Бұл - ғимарат емес, қайта сенуші адамдардың тобы. - Осыдан кейін Иса Өзінің өлетінін және қайта тірілетінін айтты. - Петір: «Құдай сақтасын, Мырза, ондай нәрсе басыңызға түсе көрмесін!» - деді. Исаның Петірге берген жауабы туралы ойланыңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз.

		Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Петір Исаның Құдайдың Ұлы екенін мойындады.
ҚАЙТАЛАУ	Балаларға арналған сұрақтар: 1. Мәсіхшілердің қорқынышпен бетпе-бет кездесуіне Иса қалай көмектесе алады? 2. Бүгінгі жастарға ортақ мәселелерді ата. 3. Осы үзіндінің жастардың мәселесіне және көретін қысымдарын шешуге қандай көмегі бар?	Балаларға арналған сұрақтар: 1. Мәсіхшілер өздерінің Исаға шынымен тиесілі екеніне қалай сенімді бола алады? 2. Мәсіхшілер қалай қауымның мүшесі бола алады? 3. Қауымның мүшесі болудың қандай жақсы жақтары бар екенін талқылау.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Киелі кітапта Исаның табиғат күштерін, жел мен жаңбырды, теңіздерді бақылай алатыны айтылған. Исаның дауылды тоқтатуға билігі болды. Егер мәсіхшілер Исадан көмек сұраса, олардың өмірлік мәселелерін шешуге Оның құдіреті жетеді деп ойлайсың ба? 2. Өміріндегі сынақтар мен азғырулар туралы ойла. Осы әңгімеден Исаның қиындықтарды жеңетін құдіреті бар екенін көрдік. Кейбір адамдар мәселеге тап болғанда, Исаға сенім артпайды. Бұл неліктен деп ойлайсың?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Киелі кітап Исаның жер бетінде өмір сүрген адамдардың ішіндегі ең маңыздысы екенін үйретеді. Бүгінгі күні адамдар Исаның кім екеніне қалай жауап береді? 2. Киелі кітаптың заманындағы қауымның негізгі белгісі Исаға деген сенім болатын. Ол бүгінгі заманның қауымына да тән бе? Талқылау.

3-4 ДЕҢГЕЙ	А3 3-ДЕҢГЕЙ 4-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Иса кім?	А3. 4-ДЕҢГЕЙ 4-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Тауда
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай 16:13-23 Негізгі аят: Рим. 10:9 Біздің үйренетініміз: 1. Мәсіхшілер Исаның Құдайдың Ұлы екеніне сенеді. 2. Киелі кітапта Иса қауымның Басы екендігі айтылған.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Матай 17:1-13 Негізгі аят: 2 Петір 1:16-18 Біздің үйренетініміз : 1. Киелі кітап Құдайдың Ұлы ретінде Исаның ерекше екенін бізге үйретеді. 2. Иса Мұса пайғамбар мен Ілияс пайғамбардан да құдіретті.
ТАНЫСТЫРУ	Танымал адамдар туралы сөйлесіңіз. Олар неліктен танымал/атақты адамдар деп саналады? Иса танымал болды, бірақ көптеген адамдар Оның шынымен Кім екенін білмеді.	Балалардың есінен ешқашан кетпейтін естелік туралы сөйлесіңіз. Исаның үш шәкірті тауда көргендерін ешқашан ұмытпайтын болады. Олар Исаны Өзінің нағыз салтанатында көргенін түсіндіріңіз.

COMPLETE IT	Киелі кітаптағы өңгімені таныстырыңыз: Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Иса: «Жұрт көктен келген Билеушіні кім деп жүр?» - деп сұрады. Төрт жауапты ескеріңіз. - Содан соң Ол: «Ал сендер Мені кім дейсіңдер?» - деп сұрады. Петірдің берген жауабын қараңыз. Петірдің берген жауабының мәсіхшілер үшін қандай мағынасы бар екенін түсіндіріңіз. - Содан кейін Иса Өзінің тірі Құдайдың Ұлы екеніне сенетіндер қауым құратынын түсіндірді. Бұл - ғимарат емес, қайта сенуші адамдардың тобы. - Осыдан кейін Иса Өзінің өлетінін және қайта тірілетінін айтты. - Петір: «Құдай сақтасын, Мырза, ондай нәрсе басыңызға түсе көрмесін!» - деді. Исаның Петірге берген жауабы туралы ойланыңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса кім?	Киелі кітаптағы өңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Иса Өзімен бірге тауға баруға үш шәкіртін таңдап алды. - Ол Мұса пайғамбар және Илияс пайғамбармен бірге Өзінің барлық салтанаты мен ұллылығында көрінді. - Петір сол жерде қалып, оларға үш күрке құрғысы келді. Құдай оларға бұлт ішінен сөйлеп, Исаның кез-келген адамнан әлдеқайда жоғары екенін естеріне салды. - Шәкірттер үрейленіп кетті, бірақ Иса олардың көңілдерін орнықтырып, не болғанын түсіндірді. - Шәкірттер Исаның Кім екенін толық түсінбеді. Олар алдағы күндері Иса туралы көбірек білетін болады. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Тауда
ҚАЙТАЛАУ	Балаларға арналған сұрақтар: - Неліктен Петірдің сөздері (22 аят) дұрыс болмады? - Қауымның мүшесі болу адамдардың Құдайға жақсырақ қызмет етуіне қалай көмектесе алады? - Исаны сипаттайтын бірнеше есімдерді ойлап көр. Мысалы, Мәсіх, Құдайдың Ұлы, Құтқарушы, Әлемнің Нұры, Құдайдың Тоқтысы.	Балаларға арналған сұрақтар : - Петірдің Исаның өзгерген бейнесін көруі не үшін маңызды болды? - Осы тәжірибе арқылы шәкірттері не үйренді деп ойлайсыз? - Мәсіхшілер өз өмірлерінде Исаны қалай бірінші орынға қояды?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. - Қауымның контурын сызыңыз, соның ішіне қауымның мүшесі болудың артықшылықтарын жазыңыз. - Петір Исаның досы болғандықтан, ол Исаны қорғағысы келді. Алайда, осы жағдайдағы оның кеңесі қатаң түрде айыпталды. Мәсіхшілер дұрыс және бұрыс кеңесті қалай ажырата алады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. - Мәсіхшілердің Исаны бірінші орынға қоюына кедергі жасайтын нәрселердің тізімін жасаңыз. 5-аятта «Оны тыңдаңдар!»-деп айтылған. Мәсіхшілер бүгін Құдайдың дауысын қалай «тыңдай» алады?

3-4 деңгей	A4 – 3-ДЕҢГЕЙ 1-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Сүйіспеншіліктің үлгісі	A4. 4-ДЕҢГЕЙ 1-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Кішіпейілділік сабақтары
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жохан 13:1-17 Негізгі аят: Жохан 13:15 Біздің үйренетініміз : - Киелі кітап бізге Исаның шынайы қызметкер болғанын үйретеді. - Мәсіхшілер басқаларға қызмет етуі керек.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жохан 13:1-17 Негізгі аят: Жохан 13:15 Біздің үйренетініміз : - Иса кішіпейіл әрі Құдайдың еркіне мойынсұнатын қызметші болды. - Киелі кітап мәсіхшілердің қызметінде кішіпейілділіктің басты орын алатынын үйретеді.

ТАНЫСТЫРУ	Иса өмір сүрген елдегі жер ыстық әрі құрғақ болатын. (Балалар өздері тұратын жермен салыстырыңыз) Адамдар шаң жолдармен жүрді. Қонақтар келгенде, тамаққа отырмай тұрып, үй иесі олардың аяғын жуатын. Балалар өздері тұратын елде үйге кірерде орындалатын салт-дәстүр туралы талқылаңыз.	Иса Өзінің астарлы әңгімелері арқылы мәсіхшілік өмір туралы маңызды шындықты жиі түсіндіріп отырды. Бұл жағдайларда Ол Өзінің ілімін «іс-жүзіндегі астарлы әңгіме» арқылы көрсетуді таңдады.
АЯҚТАҢЫЗ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Бұл Иса айқышқа шегеленгенге дейін бір күн бұрын болған оқиға және Ол сол күні шәкірттерімен бірге соңғы асын ішті. 2. Әдеттегі салт бойынша аяқ жууды ешкім ойламады. Иса соны орындауға дайындалды. (4-5 аяттар) 3. Петір Исаның өзінің аяғын жууына қарсылық білдірді. 4. Иса солай істеуі тиіс екенін, әйтпесе, Петір Өзімен тығыз қатынаста бола алмайтынын түсіндірді. (8-аят) 5. Иса олардың аяқтарын жуу арқылы күнәның кесірінен бәрінің ластанғанын және сол күнәдан жуылып, тазаруы тиіс екенін көрсетті. Иса күнәсыз пәк болғандықтан, тек Ол ғана соны істей алды. 6. Сондай-ақ, Иса мәсіхшілердің басқалар үшін ең лас деген жұмысты да істеуге дайын болулары қажет екендігінің үлгісін көрсетті. 7. Бір-біріміздің аяғымызды жуудың маңыздылығын түсіндіріңіз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Сүйіспеншіліктің үлгісі.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Иса шәкірттерімен бірге Құтқарылу мейрамын тойлап, израилдіктердің Мысырдан шыққан мерзімін еске алды. 2. Осы аста Ол екі маңызды сабақты іс-жүзінде көрсетті. 3. Біріншісі: Ол жай қызметшінің жұмысын атқарып, шәкірттерінің аяғын Өзі жуды. Осы арқылы ең төмен деп саналатын жұмысты атқаруға Өзінің дайын екенін білдіріп, оларға үлгі көрсетті. (Негізгі аятты қараңыз) 4. Сондай-ақ, Ол адамдардың бәрінің күнәға батып, ластанғанын және күнәларынан тазару қажет екенін көрсетті. Ол шомылуды мысалға келтіре отырып, (10-аят) аяқты күнделікті жуу қажеттігін айтты, себебі мәсіхшілер күнә жасай беретіндіктен, Оның кешіріміне мұқтаж екенін білдірді. Балалардың жақсы түсінуі үшін, Исаның Петірге айтқан сөздерін оқыңыз. 5. Екіншіден: Ол нан мен тостағанды алып, нанның олар үшін құрбандыққа берілмек денесі, ал тостаған олар үшін төгілмек қаны екенін түсіндірді. (Лұқа 22:19-20 қараңыз) Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Кішіпейілділік сабақтары.
ҚАЙТАЛАУ	1. Мәсіхшілер келесі аптада іс жүзінде бір-біріне қалай сүйіспеншілік көрсете алатынын талқылаңыз. 2. Мысалы, үлкен компанияның бастығы сияқты маңызды адам болсаңыз, басқаларға қалай қарайтын едіңіз?	1. Бүгін біз кішіпейілділікті қалай көрсете алатынымыз жөнінде талқылаңыз. 2. Мәсіхшілер өмірінде Құдайды бірінші орынға қалай қоя алатыны туралы ойлаңыз. 3. Кішіпейілділікпен қызмет етіп жүрген танымал мәсіхшілердің өмірін зерттеңіз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Иса жер бетінде өмір сүргенде, қандай тапсырма болса да, басқаларға қызмет ете білді. Ата-анаң немесе мұғалімің сені бір нәрсе істеуге жұмсағанда қандай сезімде боласың? Күңкілдейсің бе? 2. Әлемдегі жетекшілік жүйесі Құдай Патшалығындағы жетекшіліктен мүлдем басқаша. Осы әлемдегі жетекшілер өзімізді әрі тәкаппар болады. Алайда мәсіхші жетекшілер қызмет етуге деген дайын жүрекке ие болуы тиіс. Мәсіхші жетекші осыны қалай көрсете алады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Иса жетекші болғысы келген адамның, алдымен, қызметкер болуы қажет екенін шәкірттеріне көрсетті. Негізгі сөз - «қызметкер жетекші». Бұл нені білдіреді? Егер басқалардан үлкен болсаң, өзіңнен кішілерге немесе ең қарапайым деп саналатын жұмыс істейтіндерге қалай қарайтын едің? Мысалы, еден жуушыларға, күзетшілерге, көше сыпырушыларға, жай жұмысшыларға, кішкентай балаларға, достарға, т.б.

3-4 Деңгей	А4. 3-деңгей 2-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Ол Исадан бас тартты	А4. 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Адалдық сабақтары
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Лұқа 22:31-34, 54-62 Негізгі аяттар: Лұқа 22:31-32 Біздің үйренетініміз : 1. Кейде мәсіхшілерге Исаға сенетінін айту қиын. 2. Киелі кітапта біз әрдайым шындықты айтуымыз қажет екені жазылған.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Лұқа 22: 31-34, 39-62 Негізгі аяттар: Лұқа 22:31-32 Біздің үйренетініміз : 1. Мәсіхшілер өз-өзіне деген сенімділік пен өз күшіне сүйенуден аулақ болып, Исаға сенім артулары қажет. 2. Мәсіхшілер Петір сияқты күнәларына шынайы өкінулері тиіс.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардың өтірік айтқан немесе шындықты толық айтпаған кездері туралы ойлануын сұраңыз. Біз кейде шындықты айтуға нәліктен қорқатынымызды талқылаңыз. Петірдің сондай жағдайға түсіп қалғанын түсіндіріңіз.	Петір Исаны ешқашан ұятқа қалдырмайтынын, Ол үшін, тіпті, түрмеге де, өлімге де баруға дайын екенін айтып мақтанды. (Лұқа 22:33) Біз менмендік - күйреудің басы екенін білеміз. (Нақыл 16:18) Ал Петір ойланбай сөйлеп, орынсыз мақтанғаннан кейін құлады.
АЯҚТАҢЫЗ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Петір Исаны тұтқындаушылардың артынан бас діни қызметкердің үйіне дейін еріп барды. 2. Үйдің ішкі ауласындағы кейбір басқа адамдармен араласып кетті. 3. Олардың кейбіреулері одан Исаның досы болғанын әрі Оның соңынан еруші екенін сұрағанда, ол Исаны танымайтыны туралы өтірік айтып, үш рет мойындамады. 4. Иса Петірге қарады, әтеш шақырды, сол кезде Петір өзінің не істегенін түсінді. Ол сыртқа шығып, қатты жылады. Ол Исаға керек болған кезде, үмітін ақтай алмады әрі батыл болудың орнына қорқақтық танытты. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйренуіне жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Ол Исадан бас тартты.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Петір абдырап қалған болуы керек. Ол Исаның: «Менен танасың», - деп алдын ала айтқанын білетін. (Лұқа 22:34) Ол Исаны қолдауға күшім жетеді деп ойлады. 2. Уақыты келгенде, ол шындықты айтуға батылы жетпей, қорқақ екенін көрсетті. Шын мәнінде, Иса алдын ала айтқандай, ол Исадан үш рет танды. 3. Исаның үмітін ақтай алмағаны үшін ол қандай сезімде болды деп ойлайсың? 4. Петірдің азғырылуы туралы талқылаңыз. 5. Сондай-ақ, мәсіхшілердің қайда баратыны, кіммен дос болатыны және қалай ойлайтындары маңызды екенін талқылаңыз. Осы нәрселер олардың мінез-құлқы мен ойлауына қалай әсер етеді? Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйренуіне жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Адалдық сабақтары.
ҚАЙТАЛАУ	1. Исаға сенемін деп айту нәліктен қиын? Себептерін тізіп жазыңыз. Мысалы, құрдастар жақтан келетін қысым, осы әлемнің әсері, жарнама, әлеуметтік медиа, т.б. 2. Петір Исаның үмітін ақтамады. Енді ол кешірімге ие бола ала ма? 3. Барсабиямен күнә жасағанда, Дәуіт өзінің күнәсін қалай мойындағанын (2Патш.11, Забур 50) және кешірім алғанын оқыңыз.	1. Жақын достардың бойынан көргіміз келетін қасиеттердің тізімін жаса. 2. Мәсіхшілер Исаға адал бола алатын жолды ата. 3. Иса Петірге алда не болатынын ескерткенде, Ол не айтқысы келді? (Лұқа 22:32).
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Кейде мәсіхшілерге Исаға сенетінін айту нәліктен қиын? 2. Шайтан Петір мен басқа шәкірттерді құртқысы келді. Бірақ Петірдің сенімі сынақтан өтіп, әлсіз болса да, оның сенімінің жойылмайтынына Иса сендірді. Петір Исаны танытынын мойындамаса да, ол кейін кешірім сұрады және Иса оған өте маңызды жұмысты тапсырды. Мәсіхшілердің шындықты айтуларына не кедергі?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Петір қатты жылады, себебі ол өзінің Исаға шәкірт те, дос та бола алмағанын түсінді. Ол қатты қорыққандықтан, бұрын өзі батылдықпен айтқандарын іс-жүзінде орындай алмады. Өз күшің мен ақылыңа сүйенбе, өйткені басыңа қиындық түскенде қалай әрекет ететініңді білмейсің. Өзіңнің әлсіз жақтарыңды білесің бе? 2. Мәсіхшілер жасаған күнәсына шынымен өкінетіндерін қалай көрсете алады?

3-4 Деңгей	А4. 3-деңгей 3-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып: Исаның өлімі	А4. 4-ДЕҢГЕЙ 3-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Қайғы мен қуаныш сабақтары
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Марқа 15:22-40 Негізгі аят: Ғалаттықтарға 2:20 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітапта Исаның күнәсіз, мінсіз екені айтылған. 2. Мәсіхшілер Исаның айқыштағы құрбандығы үшін ризашылық білдіруі қажет.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Лұқа 24:1-12 және 33-49 Негізгі аяттар: Лұқа 24:46-47 Біздің үйренетініміз: 1. Мәсіхшілер Исаның күнәнің жазасын алып кеткендіктен, енді құтқарыла алатындарына сенеді. 2. Киелі кітап Исаға сенім артқандарға Ол кешірім мен мәңгілік өмірді сыйлайтынын айтады.
ТАНЫСТЫРУ	Балалар Петір сияқты біреудің көңілін қалдырған кезде, қалай әрекет ететінін талқылаңыз. Петірдің қандай әрекет жасауға тырысқаны туралы ойлаңыз.	Иса айқышта ілініп тұрған кезде, Петірдің не істеп жүргенін білмейтінімізді түсіндіріңіз. Біз оның Қайта тірілу күні жексенбіде қабірге барғанын білеміз. Киелі кітап бізге оның Исаны сол күні кездестіргенін айтады. (34 аятты қараңыз)
АЯҚТАҢЫЗ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Исаны айқышқа шегелеу үшін, Оны қаланың сыртына қалай апарғанын баяндаңыз. 2. Оның маңайындағылардың Оған не істегенін, Оны қалай жаралағанын және мазақтағанын сипаттаңыз. 3. Үш сағатқа созылған қараңғылықтың таңғажайып нәрсе болды және осы қараңғылық біздің күнәмізді арқалаған Исаға киелі Құдай Өкенің қарай алмағанын түсінуге көмектеседі. 4. Сол уақытта Иса біздің күнәміздің жазасын Өз мойнымен көтергенін Киелі кітап баяндайды. 5. Иса жан тапсырған кезде не болғанын түсіндіріңіз. (38-39 аяттар) 6. Айқыштың қасында тұрған жүзбасының айтқан сөздерін қайталаңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Иса өлді.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Қайта тірілу күні таң сәріде әйелдердің қабірге қалай барғанын сипаттаңыз. 2. Олар сол жерде не көргендерін, не естігендерін түсіндіріңіз. 3. Петір хабарды естігенде, қандай әрекет еткенін сипаттаңыз. (12 аят) 4. Кейбіреулерге Исаның қайта тірілгеніне сену нәліктен қиын болғанын талқылаңыз. 5. Иса оларға көрінгенде, қандай жағдай болғанын түсіндіріңіз. 6. Қайта тірілген Тәңірді көргенде, Петір мен оның достары қатты қуанды. 7. Иса Өзінің азап шеккені туралы қалай түсіндірді? (45-47 аяттар) Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Қайғы мен қуаныш сабақтары.
ҚАЙТАЛАУ	1. Исаның айқыштағы өлімінің маңыздылығын, негізгі аяттың мағынасы мен Исаның әрбір адам үшін құрбан болғандығын ойлаңыз. 2. Исаның айқыштағы құрбандығының артықшылықтарын талқылаңыз, мысалы, Иса шайтанды және өлімді жеңді, Ол мәсіхшілер өлгенде бетпе-бет келетін жазаны Өз мойнымен көтерді, сол себепті Исаға сенушілер енді жазаға ілікпейді. Иса мәсіхшілер үшін Құдайға тікелей мінежат етіп, күнәлары үшін өздері кешірім сұрай алатын жолды ашты.	1. Мәсіхшілер жасаған күнәларына өкінгенін іс жүзінде қалай көрсете алатындарын талқылаңыз. 2. Исаның өлімді жеңгеніне, Оның қайта тірілгеніне ризашылық білдіретін өлең жазыңыз немесе мінежат үшін сөйлемдер құрастырыңыз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Иса нәліктен айқышта құрбан болды деп ойлайсың? 2. Мәсіхшілер Исаның айқыштағы құрбандығына деген ризашылықтарын қалай білдіре алады? (Оны мадақтау, Оған тағзым ету, Киелі кітапты оқу, Оған сиынып мінежат ету, күнә үшін кешірім сұрау, Исаға ұнайтын	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Исаның тірі екеніне мәсіхшілер қалай сенімді бола алады? 2. Мәңгілік өмірге ие болу деген нені білдіреді? Мәсіхшілер өздерінің шынымен кешірілгенін қалай біле алады? (Киелі кітап былай дейді; Иса былай дейді; егер күнәларыңа шынайы өкініп, тәубе етсең, құтқарыласың.)

	мәсіхші болуға тырысу. Киелі Рухтың жемістері).	
3-4 Деңгей	A4. 3 Деңгей 4-сабақ. Петірдің өмірі Тақырып : “Сен Мені сүйесің бе?”	A4. 4-Деңгей 4-талдау. Петірдің өмірі Тақырып: Сүйіспеншілік сабақтары
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 21:1-17 Негізгі аят: Жохан 21:17 Біздің үйренетініміз: 1. Петір сияқты Исаның үмітін ақтай алмаған кездің өзінде де мәсіхшілер кешірімге ие бола алады. 2. Иса мәсіхшілердің басқа адамдарды да үйретіп, қойларын баққан бақташыдай оларды қамқорлағанын қалайтыны туралы Киелі кітапта айтылған.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жохан 21:1-20 Негізгі аят: Жохан 21:15 Біздің үйренетініміз: 1. Егер мәсіхшілер күнәларына шынайы өкініп, тәубе етсе, Иса оларға жаңаша бастама беруге дайын. 2. Киелі кітап Иса біздің сәтсіздіктерімізге қарамастан Оның бізді сүйетінін үйретеді.
ТАНЫСТЫРУ	Исаның өлімінен кейін Петір өмірін қайтадан бастамақ болды. Ол үйіне қайтып, бұрынғы жұмысына оралды, Ғалилея теңізіне балық аулауға шықты.	Иса өлімнен қайта тірілгеннен кейін, Өзінің тірі екенін шәкірттеріне бірнеше рет көрінуі арқылы дәлелдеді (1 Қорынт. 15:3-8).
АЯҚТАҢЫЗ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Шәкірттер түнімен балық аулап, ештеңе ұстай алмады. Олар шаршап, қарындары ашып, көңілдері түсіп, жағаға қайтып келе жатты. 2. Иса жағада тұрып, оларды шақырғанда, олар Исаны танымады. Иса олардың балықтары бар жоғын сұрады. 3. Олар Исаның айтқанына көніп, ауды қайықтың оң жағына салды. Сонда олар өте көп балық ұстады. 4. Жохан Исаны таныды, ал Петір Исаға қарай жүзді. 5. Иса олардың бәрін таңғы ас ісуге шақырды және содан кейін Петірден: «Мені сүйесің бе?» - деп сұрады. 6. Петір Исаны жақсы көретінін айтты, ал Иса оған Өзінің қойларын (соңынан ерушілерді) бағуды, яғни, жаңа жұмыс тапсырды. 7. Иса неліктен бір сұрақты үш рет қойғанын талқылаңыз. 8. Исаның Петірге сондай маңызды жұмысты тапсырғанына қарап, Оның Петірді қалай кешіргені туралы ойлаңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Сен Мені сүйесің бе?	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Қайта тірілгеннен кейін Иса Ғалилея теңізінде балық аулап жүрген жеті шәкіртіне көрінді. 2. Оларға көп балық ұстауға көмектесуі арқылы Өзінің Кім екенін дәлелдеді. 3. Шәкірттері жағада Исамен бірге таңғы ас ішті. 4. Петір Исадан қанша рет таңған болса, Иса да Петірдің шынымен өкінгенін сонша рет білгісі келді. 5. Петір Исаға деген сүйіспеншілігін басқалардың алдында үш рет білдірді. 6. Енді Петір жаңа қауымда Исаның соңынан ерушілерді қамқорлайтын бақташы болмақ. Ол Исаға қызмет ету үшін екінші мүмкіндікке ие болды. 7. Құдай мәсіхшілерді сәтсіздіктеріне қарамастан қалай сүйетінін талқылаңыз. Құдай олардың Өзін де сүйгенін қалайды. 8. Біз Құдайды ұятқа қалдырсақ та, Киелі кітапта Құдай бізді ешқашан ұятқа қалдырмайтыны туралы жазылған. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Сүйіспеншілік сабақтары.
ҚАЙТАЛАУ	1. Петір Исадан таңғаннан кейін, Иса оған қалай ерекше жігер бергенін талқылаңыз. 2. Исаны тыңдап, Оның еркін орындауды үйреніп алған танымал мәсіхші туралы мәлімет іздеңіз.	1. Исаның сөздері мен сүйіспеншілігі Петірді жігерлендіргендей, Құдайдың сүйіспеншілігі мен кешірімі мәсіхшілерге қалай жігер беретінін талқылаңыз. 2. Исаға сенгеннен кейін, өмірі өзгерген танымал мәсіхшілердің өмірін зерттеңіз.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. 1. Осы жағадағы көріністе Иса Петірдің өмірін өзгертті. Петір Исадан үш рет танды. Иса Петірден: «Мені

1. Мәсіхшілер Исаға және айналасындағы адамдарға іс-жүзінде қалай сүйіспеншілік көрсете алады деп ойлайсыз?
2. Киелі кітап бізге Құдайдың көшірімді Құдай екенін үйретеді. Мәсіхшілердің Оның үмітін ақтамайтын кездері болатыны сөзсіз. Мәсіхшілерге Құдай көшіреді екен деп, күнә жасай беруге бола ма?

- сүйесің бе?» - деп үш рет сұрады. Петірдің өмірі түбегейлі өзгерді. Оның кәсібі балық аулау болған еді, енді Ізгі хабар таратушыға айналды, бұрынғы екі ойлы ізбасар күнәсына өкініп, Исаның нағыз шәкіртіне және Исаның қауымын тұрғызатын адамға айналды. Сенің өміріңде ой-пікіріңді өзгерткен жағдай болды ма?
2. Мәсіхшілер Құдайды сүйетіндерін іс-жүзінде қалай дәлелдей алады?

0 мен 1-деңгейдің А қосымшасы

Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
А3	Петір	Иса Петірді шақырды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-jesus-fishermen/
		Иса Петірге көмектесті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-jesus-fishermen/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-peter-fishing/
		Иса дауылды тоқтатты
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jesus-storm/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-043-jesus-storm/
		Иса Петірді құтқарды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sb-walking-water/
А4	Петір/Айқыш ағаш	Петір ұйықтап қалды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-jesus-arrested/
		Петірдің жанжалдасуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-passover-1/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-judas/
		Петір Иса туралы өтірік айтты
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-passover-1/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-jesus-trial/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-peter-rooster/
		Петір Исамен сөйлесті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sb-resurrection-breakfast/

2-деңгейдің А қосымшасы Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
А3	Петір	Иса Петірді шақырды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/andrew-philip-nathanael/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-015-first-disciples/
		Иса Петірге көмектесті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-jesus-fishermen/
		Иса дауылды тоқтатты
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-jesus-storm/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-storm/
		Иса Петірді құтқарды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-054-walking-water/
А4	Петір / Айқыш ағаш	https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-water/
		Петір ұйықтап қалды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-089-prayer-garden/
		Петірдің жанжалдасуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gethermane-peter/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-gethermane/
		Петір Иса туралы өтірік айтты
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-091-peter-denials/
		Петір Исамен сөйлесті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-105-peter-restored/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-reinstated/

3-деңгейдің В қосымшасы Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
А3	Петірдің өмірі	Иса Петірді шақырды
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-fishers-men/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-calls-disciples/
		Ауға түскен мол балық
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-022-four-disciples/
		Иса Петірді құтқарды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-water/
		Иса кім?
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-056-peter-confession/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-teaching/
А4	Петір / Айқыш ағаш	Сүйіспеншіліктің үлгісі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-086-washing-feet/
		Петір Исадан бас тартты
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gethermane-peter/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-091-peter-denials/
		Исаның өлімі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-crucified-dies/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-098-jesus-dies/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-096-jesus-crucifixion/
		"Сен Мені сүйесің бе?"
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-105-peter-restored/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-reinstated/

4-деңгейдің С қосымшасы Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
А3	Петір	Петірдің шақырылуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-015-first-disciples/
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-fishers-men/
		Петірдің басына түскен қиындық
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-walk-water/
		Петір Исаның Құдайдың Ұлы екенін мойындады
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-056-peter-confession/
		Тауда
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-transfiguration/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-washes-feet/
А4	Петір / Айқыш ағаш	Кішіпейілділік сабақтары
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-washes-feet/
		Адалдық сабақтары
		https://www.freebibleimages.org/photos/last-supper/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-gethermane/
		https://www.freebibleimages.org/photos/peter-denies-jesus/
		Қасірет пен қуаныш сабақтары
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-dies/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-appears-disciples/
		Сүйіспеншілік сабақтары
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-questions-peter/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-appears-galilee/



© Bible Educational Services 2022

www.besweb.com